

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Үй жиһаздары».

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.11.2019

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/63147/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Байбатырова Жамал

Күні: 8.11.19ж

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Үй жиһаздары».

Мақсат-міндеттері:

- ü Үй жиһаздарының ерекшеліктері, қандай материалдан жасалғандығы, күнделікті тұрмыста пайдаланылуы, қажеттілігі туралы айтып беруге үйрету
- ü Сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту
- ü Жиһаздарды жасаған адам еңбектері туралы түсінік бере отырып, олардың еңбектеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық.	Шаттық шеңбері: Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек? Көілді боп жүрейік!	Өлең шумақтарын қайталайды. Бір-біріне жақсы көңіл-күй тілейді

<p>Іздену - ұйымдастырушы</p> <p>-Балалар қуыршақтың үйіне жаңадан заттар алып келіпті.Қандай заттар алып келгенін білгілерің кел ме? Олай болса қуыршақтың үйіне барайық. Қуыршақтың үйіне де келіп қалдық. Балаларға жиһаздардың макетін жеке –жеке көрсетіп, тұрмыста не үшін қолданылатынын сұрау. Жиһаздарға не жатады?</p> <p>-Енді осы заттарды не үшін керек екендігін айтыңдаршы.Мысалы үстел не үшін керек? -Дұрыс-ақ</p> <p>Ал, мынау не? Орындықты не үшін пайдаланамыз? Орындық неден тұрады?</p> <p>Сергіту сәті: Орынымыздан тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық, Бір отырып, бір тұрып, Қолымызды жаяйық Құс боп қанат қағайық -Балалар бір серігіп қалсақ енді орындарымызды ауыстырып, тапсырмаларды орындайық. Ал мынау не? Диван не үшін керек?</p> <p>Осылайша үй жиһаздарының түрлерін, не үшін қажет екендіктерін сұрау. -Орындық, диван, үстел, шкаф, креслоның ұқсастықтары бар ма?Несімен ұқсайды?</p> <p>Бұларды кімдер жасайды?</p> <p>Дұрыс айтасындар бұл жиһаздарды ағаш шеберлері жасайды.Жасалу кезеңдеріне тоқталатын болсақ. 1.Өсіп тұрған ағаш. 2.Сүргіленген бөренелер. 3. Тақтайшалар, ағаш үгінділер. 4. Жиһаздың дайын болған кезі.</p> <p>Балаларды өз қалауларына байланысты екі орталыққа бөлемін. Бірінші орталықтағы балаларға қуыршақтың үйіндегі жиһаздарды дұрыс орналастыруды ұсынамын.</p> <p>Екінші орталықтағы балаларға текшелерден үй жиһаздарын құрастыруды тапсырамын.</p> <p>Билингволдық компонент: жиһаз-мебель- furniture Логикалық ойын: «Жартысын тап» Ойын шарты: алдарында берілген карточкалардағы суреттердің жартысын тауып сызық арқылы қосу</p>	<p>Балалар қуыршақтың үйіне келеді.Ол жерден балалар көп жиһаздарды көредіҚызыға қарайд ұстап көреді. Үстел, орындық, ливан, шкаф, киім ілгіш шкаф т.б Үстел тамақ ішу үшін, сабақ оқу үшін керек.</p> <p>Орындық. Орындық отыру үшін керек.Орындыққа шығып биікте</p> <p>тұрған заттарды алуға болады. Орындық арқалықтан, және төрт аяғынан тұрады.</p> <p>-Диван.</p> <p>Диван да отырып, кейде жатып дем алу үшін керек. Олардың барлығы үй жиһаздарына жатады.Және барлығы ағаштан жасалған, аяқтары бар. Ересек адамдар. Балалар жиһаздардың көпшілік жағдайда ағаштан жасалатындығын олардың жасалу жолдары мен жасаған адамдардың еңбегімен танысады. Бірінші орталықтағы балалар заттарды орналастырады мысалы үстел тұрған жерге орнықты қояды.Екінші орталықтағы балалар текшелерден жиһаздар құрастырады. Балалар орталықтарын ауыстырады. Жиһаз сөзін үш тілде айтып үйренеді. Суреттегі заттардың жартысын табады.</p>
---	--

Рефлексивті коррекциялаушы	Балалар біз бүгін не туралы айттық? -Жиһаздардың қандай түрі болады? -Біз кімнің үйіне бардық? -Жиһаздар неден жасалады?	-жиһаздар туралы -диван, үстел, орындық, шкаф -қуыршақтың үйіне -ағаштан, темірден, матадан, т.б
---------------------------------------	---	---

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, сөздік, практикалық

Алдын ала жүргізілетін жұмыстар: Үй жиһаздары туралы әңгімелеу

Қолданылатын көрнекі құралдар: үй жиһаздарның макеті суреттер.

Билингвалдық компонент: жиһаз-мебель, жиһаз-furniture

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Үй жиһаздарының ерекшеліктері, қандай материалдан жасалғандығы, күнделікті тұрмыста не үшін пайдаланылатындығы туралы біледі

Қандай түсінікті игереді: Үй жиһаздарының ерекшеліктерін, оларды топтастыруды игереді

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Жиһаздың орналасу ерекшелігін меңгереді